



Сейсенбіде ҚР Премьер-Министрі Сәрік Ахметовтің төрағалығымен өткен Үкімет мәжілісінде сапа мен энергия тиімділікті арттыру тетігі ретінде табиғи монополиялар субъектілерін тарифтік реттеу мәселесі қаралды. Селекторлық Үкімет отырысына облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

ТАРИФТІ ТАРАЗЫЛАҒАН ТИІМДІ

Мәжілісте Үкімет басшысы Сәрік Ахметов күн тәртібіндегі мәселенің әлеуметтік маңызына тоқталып, тарифтік жүйені реттеу мәселелерін Елбасының өзі назарда ұстап отырғанын айтты.

Отырыста аталған тақырыпқа байланысты ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы Мұрат Оспанов хабарлама жасады.

● СЕЛЕКТОР

Оның айтуынша, елімізде жаппай жүргізіліп жатқан жанғырту жұмыстары энергия тиімділігін арттыруға бағытталған. Осының арқасында тұрғындардың 7,3 млрд. тенгесі үнемделген. «Энергияны үнемдеу және оның тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар 2012 жылы тұтынушылардың 7,3 млрд. тенгесін үнемдеуге мүмкіндік берді. Бұл «Астана су арнасы» МКК сияқты ірі су арналарының үш жылдық табысымен пара-пар», — деді агенттік төрағасы өз хабарламасында. Сондай-ақ, реттелетін салаларға инвестиция тарту 46 пайызға артқан. «Табиғи монополия субъектілері 2012 жылы 208,8 млрд. теңге инвестиция тартқан, яғни, 2011 жылмен салыстырғанда 46 пайызға артық. Үстіміздегі жылы 230 млрд. теңге инвестиция тарту жоспарла», — дейді ТМРА төрағасы Мұрат Оспанов. Агенттік төрағасы тартылған инвестицияның қандай мақсатқа жұмсалып жатқанын түсіндірді.

Сонымен қатар, М.Оспанов көпөтерлі тұрғын үйлерге орталық жылу есептеу аспабын орнату әлі де проблемалық мәселе болып отырғанын да жасырмады. Дегенмен, оның айтуынша, ағымдағы жылы монополистердің есебінен оларды орнатудың баламалы тетігі енгізілген. Нәтижесінде аталған аспаптарды орнату деңгейі 2012 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 11, ал 2011 жылмен салыстырғанда 18 пайызға жақсарған.

Сондай-ақ, инвестициялық бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру үшін агенттік монополистерге бақылауды, оның ішінде қоғамдық мониторинг жүйесі арқылы бақылауды күшейткендігі белгілі болды. Бұл орайда ағымдағы жылы тұтынушылардың құқықтарын бұзуға жол бермеу мақсатында 284 тексеру жүргізіліп, 1018 нұсқама енгізілген. Салынған айыппұлдың жалпы сомасы 3,1 млрд. теңгені құраған. «Сыртқы ауа температурасының өзгеруіне байланысты қайта есептеу нәтижесінде 2012-2013 жылдарғы жылу беру кезеңі үшін халыққа қайтарылған қаражат шамамен 500 млн. теңгені құрады», — деді агенттік басшысы.

Мәжілісте көтерілген тақырыпқа қатысты ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Ерболат Досаевтың, «Су ресурстары-маркетинг» ЖШС бас директоры Анарбек Ормановтың, өзге де бірқатар лауазым иелерінің хабарламалары тыңдалды.

Отырысты қорытқан Үкімет басшысы Сәрік Ахметов жылумен қамтуды озық жетілдіру мен оны тиімді пайдалану, тасымалдау және тұтынушылардан нарықтағы тиісті ақысын дұрыс ажыратып алуға барлық қажетті құрылыстарды онтайлы пайдалана білу керектігін атап көрсетті.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Көше облыстық мәслихаттың мәжіліс залында облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен «2014 жылы тірек елді мекендерді көшеңді дамыту» туралы кеңейтілген мәжіліс өтті. Оған барлық аудан мен қала әкімі, ауыл әкімдері мен басқарма басшылары және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары қатысты.

Жиынды ашқан аймақ басшысы ауылдағы ағайынды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп, өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау жергілікті биліктің басты міндеттерінің бірі екендігін айтты, бүгін осы мәселені мұқият талқылау үшін бас қосып отырғанымызды атап өтті.

Жалпы, мемлекеттік аймақтық даму саясатының басымдығы тірек ауылдарын дамыту арқылы әлеуеті төмен елді мекен тұрғындарын тұрақты жұмысқа тартып, осылайша әлеуметтік-экономикалық дамуға қол жеткізу екендігі белгілі.

Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясында жана экономикалық саясаттың бағыты бірінші кезекте экономикалық тиімділік пен өзек мерзімді мүдделер тұрғысынан қару нақты айқындалған. Осы орайда қабылданған барлық экономикалық және басқару шешімдері де соған бағытталуы тиіс. Біздің де мақсат-мүддеміз осы бағытпен үйлеседі, — деді облыс басшысы Қ.Көшербаев.

Мемлекет басшысы Жолдауында жұмыссыздық деңгейін төмендету арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру ісін осы тірек ауылдық елді мекендерін кешенді дамыту арқылы жүзеге асыру тапсырылған болатын.

Еліміздің аумағы үлкен болғанымен, бізде халық саны көп емес. Өрине, бұл өзімізді өзгелермен салыстырғанда кезде көзге айқын көрінеді. Оның үстіне көз-байтақ аумаққа халық шашыранқы қоныс тепкен. Мәселен, республика жұртшылығының 40 пайызы тұрғындарының саны 10 мыңға жетпейтін шағын елді мекендерде тұрады. Әлемдік тәжірибеге көз жүгіртсек, тұрғындардың бұлайша шашыранқы орналасуы олардың бөріне бірдей бір деңгейде инфрақұрылым қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Демек, біздің аймақта да бытыраңқы жатқан ауыл тұрғындарына бірдей әлеуметтік жағдай жасай алмайтындығымыз белгілі. Осы орайда облыс басшысы оларға

қаржы жұмсаудың тиімділігі болмайтынын атап өтті.

Облыс әкімі еліміздегі экономикалық белсенді тұрғындардың басым бөлігі ауыл-аймақтарда өзін-өзі жұмыспен қамтып, нақты өнім шығармайтын саланың соңында жүргенін статистикалық мәліметтермен жеткізді. Мәселен, 1998 жылы облыстың ауыл шаруашылығында экономикалық белсенді тұрғындардың үлесі 21 пайызды құраса, олар сол кезде жалпы ішкі өнімнің 11 пайызын өндірген екен. Ал, бүгінгі таңда агросалала жұмыспен қамтылған 9,8 пайыз тұрғындардың ішкі жалпы өнімдегі үлесі 2,9 пайыздан аспайды деп сөзін сабақтаған облыс әкімі «Еліміздің Стратегиясында қазіргі күні экономиканың жан-жақты дамыту бағыты қолға алынды. Ал, облыс үшін дамудың басты «өсу нүктелері» облыс орталығы, шағын қалалар және тірек ауылдарын дамыту болып табылады», — деді.

Нақты кезеңде аймағымызда барлығы 263 елді мекен бар. Оларда 420 мыңнан астам халық тұрады. Осы 263 ауылдың ішінен ішкі-заттық, инфрақұрылымдық, өнеркәсіптік қуаты мен басқа да маңызында алдағы атқарылатын жобаларды (факторларын) ескере отырып 43 тірек елді мекен анықталды. Жиында осы 43-тің алғашқы 8-ін аты аталып, оларды қолға алыналы отырған жобалар туралы аудан әкімдері айтып берді.

Ал, депутаттар атынан сөз алған облыстық мәслихаттың депутаты, «Жанажол» ЖШС директоры Қылышбек Әбішев бұл жобаны қолдайтындарын білдірді.

Тірек елді мекендерде халықты жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында алдағы атқарылатын жобалар туралы алдымен Арал ауданының әкімі Мархабат Жайымбетов хабарлама жасады. Ол Сексеуіл кентін кешенді дамыту жоспары туралы тарқатып айтты. Аталған кент тоғыз жолдың торабына орналасқан. Атап айтқанда, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автокөлік жолы мен «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбыры кентке жақын жерден өтеді, биыл жыл соңында «Сексеуіл-Жезқазған» темір жол учаскесі пайдалануға берілгенде Сексеуіл тораптық станцияға айналады. Бұған қоса, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіп отырған «Арал-Сарбұлақ» су құбыры осы маңнан өтеді. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану үшін Сексеуіл кенті тірек елді мекені ретінде таңдап алыныпты.

Елбасы облысқа сапарында



аймақта шағын және орта бизнесті дамыту туралы тапсырғаны белгілі. Осы орайда, аудан әкімі алдағы 3 жылда жалпы құны 560 млн. теңгені құрайтын 13 жобаны жүзеге асыруды көздеп отырғандарын жеткізді. Осы жобалар іске асқан жағдайда барлығы 1100 жана жұмыс орны ашылады. Ал, нақты кезеңде кенттегі жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны — 2500 адам.

«Қазақстан Темір жолы» ұлттық компаниясы алдағы 6 жыл ішінде аймағымызға 20 млрд. теңге тікелей инвестиция салуды жоспарлап отыр. Оның бір бөлігі, яки 3 млрд. теңгесі осы кентте әлеуметтік нысандар салуға бағытталды. Хабарламашының айтуынша, «Сексеуіл-Жезқазған» темір жол учаскесі бойында барлығы 13 станция мен 38 жолайрығы (разъезді) салынады. Оның 11 станциясы мен 4 жолайрығы біздің аумақта болады. Жалпы, аталған болат жолдың 116 шақырымы Арал ауданының аумағынан өтеді.

Мұнан соң Қазалы ауданының әкімі Бахыт Жаханов хабарлама жасап, тірек елді мекені ретінде таңдап алынған Жанқожа батыр атындағы ауылда 18 жоба жүзеге асырылғалы отырғанын, нәтижесінде 171 жан тұрақты жұмыспен қамтылуына тоқталды. Осы ауылда шағын және орта бизнесті дамытуға қолайлы жағдай барын жеткізген хабарламашыға аймақ

басшысы негізгі міндет тұрақты жұмыс орындарын ашу екендігін ескертті.

Қармақшы ауданы әкімінің міндетін атқарушы Ерлан Қалиев Байқоңыр қаласының құрамдас бөлігі ретінде оған қызмет етіп келе жатқан Төретам кентін тірек елді мекен ретінде дамытудың жоспарын баян етті. Хабарламашының айтуынша, кентте республикалық бюджет есебінен жалпы құны 1600 млн. теңгенің 5 жобасын жүзеге асыру көзделіп отыр. Атап айтқанда, кентті газдандыру, электр желілерін қайта жанғырту және темір жол үстінен жаяу жүргіншілер үшін көпір салу. Бұған қоса, мұнда облыстық бюджет есебінен тағы 4 аудандық бюджет есебінен тағы 3 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Ал, жеке кәсіпкерлер арқылы 2 млрд. 698 млн. теңгенің 37 жобасы іске асырылмақшы. Жалпы, мемлекет тарапынан және жеке бизнес құрылымдарынан тартылатын инвестиция көлемі 5 млрд. 306 млн. теңгені құрап, уақытша — 740, ал тұрақты 722 жұмыс орны ашылып, бюджетке қосымша салық түседі деп күтілуде. Мұндағы көзделген келергі — жер мәселесі. Ол кентте шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына кедергісін тигізуде, — деді хабарламашы. Мәселенің маңыздылығына назар аударған аймақ басшысы 23 қазан күні Мәскеу қаласында Үкімет аралық кездесу өтіп, онда Бай-

қоңыр қаласы мен оның іргесіндегі Төретам кентін дамытуға арналған жол картасы қаралатынын жеткізді.

Мұнан соң Жалағаш ауданының әкімі Сәрік Сермағамбетов Мәдениет ауылын, Сырдария ауданының әкімі Ғани Қазантас Ақжарма ауылын, Шиелі ауданының әкімі Мұрат Ерғешбаев Еңбекші ауылын, Жанакорған ауданы әкімінің міндетін атқарушы Әбдірасул Ибрагимов Түгіскен ауылын кешенді дамытуға қатысты жобаларын ортаға салды.

Ал, Тасбөгет тірек елді мекенінің кешенді дамуы туралы қала әкімінің міндетін атқарушы Мұрат Тілеуімбетов айтты берді. Мұнан кейін облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлымбетова баяндама жасап, аталған тірек ауылдарын 3 жылдық бюджетке кіргізу бағытындағы жұмыстарды жеткізді.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі Қ.Көшербаев тірек ауылдарының мәселесін шешу үшін барлық қаржы көздерін, атап айтқанда, аудандық, облыстық, республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы мен жеке инвесторлардың қаражатын шоғырландырып, оны тиімді жұмсау қажеттігін атап көрсетті.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

АЛАШТЫҢ АРДАҚ ТҮТҚАН АЗАМАТЫ



Сейсенбінің көшінде Н.Бөкежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновті еске алуға арналған «Қазақ руханиятының жарық жұлдызы» атты кеш өтті.

● САЛТАНАТ

Облыс әкімінің қолдауымен мәдениет басқармасы ұйымдастырған бұл шара Темірбек Жүргеновтің туғанына 115 жыл толуына арналды.

Ұлтымыздың білімі мен мәдениеті және өнерінің дамуына өз үлесін қосқан Темірбек Қараұлы 1898 жылы Жалағаш ауданының Жанатап ауылында дүниеге келген. Тұрмағамбет Ізтілеуов дәріс берген ауыл мектебінен сауат ашқан ол кейін Аламекектегі орыс-қазақ мектебінде, одан әрі Перовскідегі Суханский атындағы училищенде бастауыш білім алған. 1917 жылы Уфа жер шаруашылығы училищесіне түсіп, студент кезінен-ақ қоғам өміріне белсене араласды. 1920 жылы БКП (б) қатарына өтіп, Ырғыз уездік революциялық комитетінің,

жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары атқару комитетінің төрағалығына сайланған. 1921-1923 жылдары Орынборда жұмысшы факультетінде оқыса, 1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетіне оқуға жіберілді. Осында оқи жүріп Қазақ АКСР-нің Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі, 1926 жылы Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтына директор болып тағайындалды. 1929-1930 жылдары Тәжікстан Үкіметінің қаржы, 1930-1933 жылдары Өзбекстан Үкіметінің халық ағарту, 1933-1937 жылдары Қазақстан Үкіметінің халық ағарту комиссары қызметтерін атқарған.

Есімі ісі түркі жұртына мәлім, Қазақстан мен Орта Азияға ортақ тұлға Темірбек

Жүргеновтің биыл туғанына 115 жыл, репрессия құрбаны болғанына 75 жыл толып отыр. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мәдени шараға байланысты театр фойесіне қойылған Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы қылқалам шеберлерінің сурет көрмесін көріп, тамашалады. Мұнда академия профессорлары А.Дүзельханов, К.Каметов, Б.Байділда, Ә.Баянов секілді елімізге және шетелдерге танымал қылқалам иелерінің суреттері қойылған екен.

Бұдан соң салтанат академия өнер шеберлерінің концертіне ұласты. Сахна төріне көтерілген Қырымбек Елеуұлы Алматы қаласынан арнайы келген мәртебелі меймандарға шығармашылық табыс тілеп, Сыр еліндегі сапарына сәттілік білдірді. Аталмыш академия ректоры, өнертану докторы, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Арыстанбек Мухамедиұлы мен КСРО және ҚР халық әртісі, КСРО және ҚР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, профессор Асанәлі Әшімов аймақ басшысына көрсеткен қолдауы үшін ризашылық сезімдерін жеткізді.

Алдыңмен режиссер Қалила Омаровтың Темірбек Жүргенов жайлы деректі фильмінен үзінділер көрсетіліп, сахна шымылдығы театр өнері факультеті студенттерінің орындауында «Арыстар аманаты» драмалық прологы және «Астана-Бөйтерек» поэтикалық композициясымен ашылды.

Қызылордалық көрермендер көтеріңкі көңіл сыйлаған өнер жұлдыздары Нұрғали Нүсіпжанов, Толқын Забиров, Жәніс Сейдололаулы, Ұлжан Байбосынова, басқа да өнер шеберлерінің мерекелік концертіне дән риза болысты.

Мәдени шара «Жүргенов академиясының жастары шақырады» атты Орталық алаңдағы шоу-концертке жалғасып, отшашумен аяқталды.

Салтанатты шараға жазушы-драматург, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Дулат Исабеков, М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының директоры, профессор Есмұхан Обасев, ҚР халық әртісі, профессор Рамазан Бапов, басқа да өнер майталмандары қатысты.

Бактыбай БЕРДІБАЕВ.

2-бет

Қызылорда қаласында «Алтын күз–2013» мерекесіне орай өткізілетін ауыл шаруашылығы өнімдері жәрменкесінің КЕСТЕСІ

р/с	Атауы	Өткізілетін орны	Уақыты
1	Арал ауданы	Қорқыт Ата көшесі мен Қ. Ясауи көшелерінің қиылысы (Тесік көпір аумағы)	12 қазан, сағат 08.00
2	Жалағаш ауданы	«Титов» қыстағы (№173 орта мектептің аумағы)	12 қазан, сағат 08.00
3	Қармақшы ауданы	«Думан» мейрамханасы мен «Сырдария» СУ-нің аралығындағы алаң («Мерей» мәртеке алаңы)	12 қазан, сағат 08.00
4	Қазалы ауданы	Ғ. Мұратбаев көшесі мен Қ. Ясауи көшесінің қиылысы («Шұғыла» мәртеке алаңы)	12 қазан, сағат 08.00
5	Сырдария ауданы	Жанқожа батыр көшесі (Реал базаның алды)	12 қазан, сағат 08.00
6	Шиелі ауданы	Тасбөгет кенті (Орталық алаң)	12 қазан, сағат 08.00
7	Жанакорған ауданы	Астана даңғылының бойы (Е. Көшербаев көшесі мен Жәніс көшесінің аралығы)	12 қазан, сағат 08.00
8	Қызылорда қаласы	Өйтеке би көшесінің бойы (Қазбек би көшесі мен Д. Қонаев көшесінің аралығы)	12 қазан, сағат 08.00

● АЛТЫН ДӨН-2013

КҮРІШ КӨБЕЙСЕ – ЫРЫС АРТАДЫ

Биылғы егістікке сақалай сай әзірлікпен бел буа, білек түре кіріскен сырдариялықтар бүгінде егістік даласын еңбек дүбірін бөлеген. Аудан егінші-механизаторлары егіс дақылдарын уақытында егіп, суға мезгілдіне толықтай бастырып, минералды тыңайтқышпен үстеп қоректендіру нәтижесінде Сыр маржанының шығымылығы ойдағыдай екен.

Биылғы жылы аудан бойынша 17920 гектар жерге Сыр салысы егілсе, бүгінгі күнге осыныша алқаптың 15923 гектары дестеге салынып, 13078 гектары бастырылыпты. Өзірге 550253 центнер астық жиналып, орта өнім гектарға шаққанда 45,5 центнерден келуде екен.

Жыл сайын аудан шаруашылықтарының ғана емес, облыста көп басында келетін «Мағжан и Қ» ЖШС биылғы жылы да толағай табысқа кенелуде. Бұл шаруа қожалығы биылғы жылы еккен 2002 гектар күрішті толықтай дестеге салып, 80 пайызға шамалас күріш бастырып, өр гектар жерден 61,6 центнерден өнім аудла. Ал, 800 гектар жерін толықтай дестеге салған «Қызылдіхан» шаруа қожалығы 712 гектарын

бастырып, өр гектардан 54,0 центнерден Сыр маржанын жинауда. Осы шаруашылықтың жатқашылары Әлібек Мынбаев пен Әбсәдық Маханов 290-330 гектар күрішті дестеге салса, қоймалары Абдулла Жаманқыз 20 мың центнердің үстінде астық бастырған. Ал, күрішшілер Түрлібек Жұбаншыл пен Жангелді Смайловтар еккен 34-35 гектар күріштік алқаптың өр гектарынан 73-84 центнер аралығында өнім алып, еңбек рахатына кенелуде. Сондай-ақ, «Шаған Жер» ЖШС-ның жатқашысы Сәкен Айтбаев 325 гектар күрішті дестеге салса, қоймалары Қапбар Байманов 8 мың центнерге жуық астық бастырған.

Айта кету керек, «Мәди Қажы» атындағы ЖШС-ның күрішшілері Манарбек Шақетов пен Ғалымбек Спанов еккен 30-33 гектар күріштік жерден 2700 центнерден Сыр маржанын жинап, өр гектардан 90 центнерден рекордтық өнім алған. Сөйтіп, дарабоз диқандар Сыр салысының данқын қайта шығаруда.

Еркін ӘБІЛ.
Сырдария ауданы.

● ШАРА

ҚАРТТАРЫ БАР ЕЛ ҚАЗЫНАЛЫ

БҰҰ Бас Ассамблеясы 1990 жылы бекіткен Халықаралық Қарттар күнін Сыр бойының ардагерлері А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде «Дария кеуде, тау мұсін, қарттарым аман-сауымың» атты салтанатты кешпен атап өтті. Оның негізгі мақсаты аз қамтамасыз етілген мүмкіндігі шектеулі, жалғызбасты қарт кісілердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына басқа да қажеттіліктеріне назар аудару болып табылады. Салтанатты кеш барысында тақырыптық бейнефильмдер көрсетіліп, театрландырылған көрініс қойылды.

— Салтанатты шараға қошкелдіңіздер! — деді құттықтап сөз алған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев. — Сіздер кезінде қоғамның дамуы мен өлімдіздік есіп-өркендеуіне, Елбасының сындарлы саясатын жүзеге асыруға белсене атсалыстыңыздар. Сыр бойында ардагерлерге жасалған қамқорлық уақыт өткен сайын ауқымданып, кеңейіп келеді. Мәселен, облыстық ардагерлер кеңесі өткен жылы ғана кен де жарық, материалдық-техникалық жағдайы толық жасалған ғимаратқа көшірілді. Ардагерлердің демалуы мен емделуіне, материалдық жағдайларын көтеруге жыл сайын бюджеттен арнайы қаржы бөлініп келеді. Облыс ардагерлерін әлеуметтік қолдау мақсатында еліміздің шипажайлары мен демалыс орындарына жолдамалар берілуде. Биылғы жылдың өзінде жолдама саны 1200-ге жеткізді. Үлкендердің денсаулығын жақсарту мақсатында облыста оңалту орталығының жұмыс істейтін белгілі. Сонымен қатар, облыстық медицина орталығынан 100, қалалық ауруханадан 50 орындық оңалту бөлімі ашылды.

Республикада алғашқы болып Сыр өңірінде 2010 жылдан бастап соғыс жылдарында тылда кемде алмай еңбек еткен ұлт ардагерлері коммуналдық төлемсіз төлеуден толғаммен босатылды. Женістің 68 жылдығы қарсаңында осы санаттағы 7565 сырбобылық 357,2 млн. теңге көлемінде әлеуметтік қолдау алды. Аймақта өткен жылдан бері жүріп-тұруы қиын жандарға «әлеуметтік такси» қызметі



көрсетіліп келеді. Сонымен қатар, облыста бірнеше жылдан бері «Сыр мейімі» жобасы қабырымдылық акциясы жүргізіліп келеді. Бұл мақсатта бюджеттен қомақты қаржы бөлініп, көмекке мұқтаж 250 жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге, аз қамтамасыз етілген отбасыларына түскі ас мәзірі ұйымдастырылды. Аймақ басшысы кезінде ел байлығын еселеген қарт кісілерге қамқорлықтың толастамайтынын, жақ-сынықтардың жалғаса беретіндігін атап өтті.

Залға облыс әкімінің ықпалас гүлі өкелінді.

Мұнан кейін сөз алған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов Қарттар күні қарсаңында Сыр өңірінде екі бірдей ерекше оқиға болғандығын атап өтті. Оның бірі – Сыр бойына Елбасын, арнайы келіп, аймақта атқарылып жатқан жұмыстарға, бағасын бергендігі болса, екіншісі – ардагерлердің республикалық семинар-кеңесінің өтуі. Еліміздің барлық аймағынан келген делегаттар Алаштың анасы атанған Сыр

өлкесінің қазіргі заманға сай есіп-өркендеуіне, ардагерлерге жасалып жатқан қамқорлық пен көмекке, өздеріне көрсетілген қонақжайлылыққа ризалық білдірді. Кеңес төрағасы аймақ басшысынан алдағы уақытта өңірден ірі сауықтыру орнын ашуға, ҰОС ардагерлеріне теңестірілген тағы бір 8 мың жанның коммуналдық төлемдерден толық босатылуына мүмкіндік жасауын өтінді. Демек, ардагерлерге жасалатын жағдай жалғасын таппақ.

Салтанатты шараның бір ерекшелігі онда облыстық мәдениет саласының қызметкерлерімен қатар, ардагерлердің де өнер көрсетуі болды. Мәселен, кеште ардагерлер Тынымқұл Оразбаева, Ханзада Құнанқараяв, Әбүтәліп Салманов, Лил Ен Су, Күлшара Ембергенова тамылжыта ән салып, тыңдаушыларының қошеметіне бөленді.

Кешке шақырылған 300 ардагерге облыс басшысының арнайы сыйлығы табыс етілді.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысы өтті. Онда жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол қозғалысы саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, комиссияның өткен отырысындағы хаттамалық тапсырмалардың орындалуы туралы мәселелер қаралды.

Жақында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Дүниежүзілік Банк жол апаттарына қатысты жантүршігерлік фактілерді таратты.

АЛАШТЫҢ АРДАҚ ТҮТҚАН АЗАМАТЫ

Кеше Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында «Қазақстандағы білім, мәдениет, өнерді қалыптастыру мен дамытуда Темірбек Жүргеновтің ролі» тақырыбында шығармашылық кеш өткізілді. Жиынды университет ректоры Қылышбай Бисенов ашып, жүргізіп отырды.

Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Арыстанбек Мұхамедиұлы ұлтымыз үшін өнеге көрсеткен қайраткер жайында қысқаша пікірін білдірді. Оның айтуынша, біздің халқымыздың болашағы жарқын болуы үшін өнер еңбек сіңірген азаматтың өнер саласында атқарған еңбегі ұшан-теңіз. Сол бір қиын-қыстау, қарбаласқа толы қалыптасу жылдарында Т.Жүргенов қазақтың өнері мен мәдениетінің өркендеуі жолында қаншама тәр тәкті. Сырдың бойында өмір өсіп ашқан қайраткер уақыт өте келе ұлттың ұлық тұтатын ардақты ұлына айналды.

Келесі кезекте Қазақстанның Халық әртісі Асанәлі Әшімов өткен ғасырдың 20-30 жылдарында елдің өзгемен терезесі тң болуы үшін анбай еңбек еткен қайраткер қандай да құрметке лайық екеніне тоқталды. «Қайсыбір кезеңде ұлт зиялылары арман еткен азаттық таңының атқанын біз бүгін көріп отырмыз. Сондықтан да оларды құрметтеу біздің басты міндетіміз болса керек».

Темірбек Жүргенов қазақтың мәдениет, өнер, ғылымға жол ашқан, көп адамның бағын ашқан, оларға бағыт

берген, жас та болса, бас болған ардақты азамат. 1936 жылы Қазақстанның Мәскеу қаласында мәдениет декадасы болды. Сол күндерді өткізуге қазақ әдебиеті мен өнерінің майталмандары аттанды. Аталмыш шара барысында жоғарыдан міндетті түрде халық ақындарын қатыстыру қажеттігі туралы тапсырма берілді. Осыдан кейін Т.Жүргеновтің жарғақ құлағы жастыққа тимей, елдің арасынан сондай өнер иелерін іздеді. Соның нәтижесінде кейіннен қазақ халқының ардақ тұтар ақсақал ақынына айналған Жамбыл Жабаяевты іздеп тапты. Мәскеу жұртылығы қазыналы қарттың өнеріне қошеметпен қол соқты. Қайраткердің қаншама өнер иелеріне қамқорлық көрсеткенін тарих беттернен бармыз жақсы білеміз» деді А. Әшімов.

Жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабеков ұлт үшін тұңғысынан төрт бөліп, орасан зор еңбек сіңірген Т.Жүргеновті ардайым жас ұрпаққа насихаттау басты міндет екенін атап өтті. Болашақтың кілт бөлімде екенін тусығен ардақты азамат осы жолда қаншама жұмыс жасады. Халықтың сауаттылығын ашуға мән берді. Мәдениет саласын түлетті. Тұңғыш оқу-ағарту комиссары болды. Тоталитарлық жүйенің қылышынан қан тамып тұрған кезіңің өзінде қазақтан шыққан білкті мамандарды дайындауға көңіл бөлді. Ол кезде білай өрeket ету қасынан өтіп бара жатқан ажалды айқайлап шақырып алғамын бірдей көрсеткен. Сондықтан Темірбек Жүргеновті жоғары деңгейде насихаттасақ, артық емес.

Әділжан ҰМБЕТ.

● МӘСЕЛЕ

ПАТЕРІҢІЗГЕ СУ ЕСЕПТЕГІШ ОРНАТТЫҢЫЗ БА?

Су — тіршілік көзі. Су қай жерде тоқтаса сол жерде өмір де тіршілігін тоқтатары ақиқат. Қысқасы, әзектен өтер бір жұтым судың қадір-қасиетін бабаларымыз ұрпағына айтып кеткеніне тағзым етпей болмайды.

Бүгінгі таңда әлемде су мәселесі ең өтпiр күйiнде тұр. Сондықтан, «судың да сұрауы бар» деген мәтелдiң кiмi туды. Қысқасы, әр тамшы су есепке алынбай болмайды. Біз ұрпақ боюын су сысырабына жол бермеуді ұғындыруымыз керек.

Қызылорда қаласының халқы жылдан жылға есіп келеді. Қазір бүгінгі қалада 700-ден аса кеше бар. Бұл 200 мыңнан астам халықты қурайды. Осынау тұрғынға жүздеген шақырымды алып жатқан су құбыры арқылы сағатына бірнеше мың текше метр су босатылады. Ал қалаларғы құбырдан қала халқына толассыз босатылып жатқан судың есепке алынып, әр отбасына берілуі қалай? Шындығынан айту керек, әлі де су сысырабы сейілер емес. Бұл үшін қандай шаралар күн тәртібінде тұр?

Қазір қала халқының 93 пайызы пәтерiне су өлшегiш құралын орнатпiп, отбасы бюджетiне үнемдеуге дәнғыл жол аша бастады. Дегенмен бұқтаро тұрғындар әлі су өлшегiш құралдарын пәтерiне орнатпай, жетерлік қуы кешуде. Бздiң есебiмiз бойынша әлі де мыңдаған пәтер иелері су өлшегiш құралдарын орнатпай отыр. Бұл бiздi қатты алаңдатады.

Қадiрiмденi тұрғындар! Пәтерiңiзге су өлшегiш құралын орнату — өте тiмiс, әрi сiзге отбасы қаражатын үнемдеуге мүмкiндiк туғызады. Тағы да еске саламыз, пәтерiңiзге су өлшегiш құралын орнатпай алынса, сонымен сiзге пәтерiңiзге су өлшегiш құралын орнатпау асығыңыз деп тілек білдіреміз.

М.СЕРБАЕВ,
«Қызылорда су жүйесі»
МКК-ның директоры.

● МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫСАЯСАТ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР НӘТИЖЕСІ

Елбасының ұдайы атап көрсетіп жүргеніндей, қазіргі таңда экономиканың барлық салаларында энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыруда энергетикалық, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу маңызды міндет болып табылады.

Осыған орай Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті «тарифті инвестицияға айырбастау» уәзімерзміді сасатын жүзеге асыру үшін «Қызылордажұлыэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен бекітілген инвестициялық бағдарлама аясында жылу жүйелерін қайта құру және жаңғырту жұмыстарының орындалу барысымен таныстыру мақсатында баспасөз сапарын ұйымдастырды.

Кәсіпорын 1964 жылы іске қосылды. Жылу желілері 45 жылдан астам уақыт пайдаланылуда, сондықтан жабдықтар мен инженерлік жүйелер белгілі бір дәрежеде тозығы жетіп, жаңалау, қолдау, қайта жаңғырту және техникалық жарақтандыруды қажет етеді. Осыған орай кәсіпорын өз жұмысын төмендегідей басым бағыттарда жүзеге асыратын болады.

2010 жылы ота мерзімдік жылу энергиясына шекті тариф бекітіліп 2010-2012 жылдарға мекеменің активтерін жаңартау және жаңғырту мақсатында инвестициялық бағдарлама қабылданған болатын.

Қылданған инвестициялық бағдарламаға сәйкес 2010 жылы жоспар бойынша 25,5 млн. теңге қаралып, нақты орындалғаны 283 млн. теңгені құрап отыр, 2011 жылы жоспар бойынша 363 млн. теңге қаралып, нақты

орындалғаны 364 млн. теңге, ал 2012 жылға жоспар бойынша 330, 62 млн. теңге қаралып, нақты орындалғаны 330,8 млн. теңгені құрады.

Үш жылдық шекті тарифпен бекітуде қабылданған инвестициялық бағдарлама нормативтік және нормативтен тыс жылу энергиясының ысыраптарын кемітуге ықпалын тигізді. 2009 жылы жылу энергиясының ысыраптың нақты көлемі 27 пайыз болса, ал 2012 жылы ысыраптың нақты шамасы 17,2 пайызға кеміді. Осы уақыт кезеңінде өндірістік активтердің тозығы 38,2 пайыздан 32,4 пайызға төмендеді.

Бекітілген инвестициялық бағдарлама бойынша шет аймақтардағы және қала ішіндегі жаңа тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз ету мақсатында жаңадан шатын қазандықтар іске қосылды.

2013 жылдың жаңалау, қолдау, жаңғырту және техникалық жарақтандыруға бағытталған инвестициялық бағдарламасы бойынша негізгі қордың бағасын ұлғайтатын іс-шара дайындалды. Бұл жұмыстарға 2013 жылы жалпы құны 66,5 млн. теңгенің инвестициясын салу жоспарланды, оның ішінде: жылу энергиясын өндіруге — 51,2 млн. теңге, жылу энергиясын тарату және бөлуге — 15,3 млн. теңге қаралды.

2013 жылдың инвестициялық міндетемелерін

орындай отырып, станцияның жұмыс сенімділігі артып, жылу жүйелеріндегі нормативтік ысыраптар азайтылып, нормативтен тыс ысыраптар толығымен жойылды деп күтілуде.

Сонымен қатар 2011-2012 жылдары екі кезеңмен республикалық бюджеттен бөлінген 944, 25 млн. теңге қаржыға «ҚЖЗ» МКК-ның Кинеева көшесі аралығындағы магистральды жылу жүйесін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. 2012 жылы жергілікті бюджеттен 206,12 млн. теңге қаржы бөлініп, Желтоқсан көшесінің бойындағы Тоқмағамбетов көшесінен Алтынсарин көшесіне дейінгі жалпы ұзындығы 2,9 шақырым магистральдық жылу құбырына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, ал 2013 жылға республикалық бюджеттен 291,3 млн. теңге қаржы бөлініп, жалпы ұзындығы 3,4 шақырым жылу құбырына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Осы жұмыстармен бірге энергия үнемдеуге ынталандыру мақсатында табиғи монополия субъектілерімен жылудың жалпыұйлық есептеу құралдарын орнатуын бақылау жұмыстары жалғасын табады.

Жылуға жалпыұйлық есептеу құралдарына қажеттілік 427 дана болса, орнатылғаны 129 дана немесе орындалуы 30,2 пайыз болды. Жылу есептеу құралдарын орнату тұрғындардың қаржысын үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл күнделікті тұрмыста нақты көрінісін береді.

Жолдасбек ӘЛМАХАНҰЛЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының қаржы басқармасы бос мемлекеттік өкімшілік лауазымына орналасуға ашық конкурс жариялайды:

1. Қызылорда облысының қаржы басқармасының ішкі мемлекеттік қаржылық және ұлттық компанияның даму жоспарларының орындалуына бақылау жүргізу бөлімінің бас маманы (Д-О-4) Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақылары 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері:

1. Бақылау тағайындау туралы бұйрықтарды тіркеу журналын жүргізу, бақылау мерзімдері мен олардың ұзартылу, аяқталу мерзімдерінің сақталуына қалағалау. Бақылау іс-шаралары жоспарына сәйкес жергілікті мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда бақылау жұмыстарын жүргізу. Бақылау қорытындылары (өзінің бақылау актілері) бойынша анықталған бұзушылықтарды, жұмыста анықталған кемшіліктерді жою үшін бақылау объектілеріне жіберілген ұсыныстарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру. Бақылау қорытындылары бойынша есептілік нысандарды жүргізу, тоқсанлық, жылдық есептілікті уақытылы дайындау, тапсыру.

2. Қаржы басқармасы құрылтайшысы (қатысушы) ретінде болып табылатын мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының орындалуына бақылау мен талдаудың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Ұлттық компанияның даму жоспарларының орындалуына бақылау жүргізуді қамтамасыз етеді.

Конкурса қатысушыларға қойылатын талаптар: – Білімі жоғары экономикалық. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымын мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос өкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурса қатысуға ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысының қаржы басқармасына келесі құжаттарды тапсырады:

- өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
- өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета;
- білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- енбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгілеген шекті мәннен төмен емес нәтижесімен тәсілденген өткені туралы қолданыстағы сертификат;
- 3x4 үлгілері 1 фотосурет.

Аталған құжаттардың біреуіінің болмауы конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды өңгімелесуге жіберу туралы хабарлар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде Қызылорда облысының қаржы басқармасында, индексі 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 44 мекенжайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі өңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 жұмыс күн ішінде өткізіледі.

Конкурса қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған мерзімінен бастап 10 жұмыс күн ішінде Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 44 үй, 1-қабат, №11-бөлме мекен-жай бойынша тапсырылуы тиіс. Анықтама телефоны: (8-7242) 23-98-28.

Аталмыш лауазымға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Қызылорда облысының қаржы басқармасының конкурстық комиссиясы.

Құқық қорғау саласындағы реформа барысын баындаған хабарламашы жол және патрульдік полиция қызметтерін біріктіру 1 қарашаға дейін аяқталатынын айтты.

— Әдімбеап полициілердi» енгізу арқылы қоғамдық орындар мен көшелерде жұмылдырылған полиция нәрдіттарының тығыздылығын арттыруға, әрбір қылмыс пен құқық бұзушылыққа шұғыл ден қоюға жол ашылмақ, — деді департамент бастығы.

Комиссия отырысында аймақтағы жол қауіпсіздігі шараларын күшейтуге бағытталған ұсыныстар талқыға түсті.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК ФИЛИАЛЫ АШЫЛДЫ

Кеше облыс орталығынан Еуразиялық банктің филиалы ашылды. Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев қатысты.

Жаңадан ашылып отырған банк филиалы облыстың ірі кәсіпорындарына, мұнай және газ секторы ұйымдарына, шағын және орта бизнес компанияларына, және тұлғаларға кәшенді қызмет көрсете алады. Яғни, облыста жұмыс істейтін банк бөлімшелері аймақтағы шағын және орта кәсіпорлікке несиеіп және лизингтік бағдарламалар арқылы көмек көрсету ісіне қатысуда. Сонымен қатар, барша қазақстандықтармен бірге Қызылорда филиалының клиенттеріне де Еуразиялық Банк ұсынатын барлық қызмет түрлері көрсетіледі. Атап айтқанда, интернет-банкінгтен бастап дестүрлі ақша аудару, валюта айырбастау, несие алу, депозитке салу, қарточкалық өнімдермен жұмыс жүргізу және тағы басқа «болашақ» деп аталатын бүл филиал 75 қызылордалықты жұмыспен қамтып отыр. «Болашақ» филиалы – Еуразиялық Банкінің бөлшек жұмысын дамытудағы жң кәлемді жоба-сының бірі. Филиал дизайнын жобалауда клиенттерге жайлы болу үшін барлық жағдай қарастырылған. Мәселен, балаларға арналған ойын аймағы бар және өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында қарточкадан тәулік бойы ақша алу немесе шотты толтыру мүмкіндігі бар. Қазіргі таңда «Болашақ» филиалында екі банкомат және екі терминал бар. Жаңа жылға дейін тағы үш банкомат, үш терминал орнату көзделген.

Салтанатты шарада сөз алған облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев банк қызметкерлері мен барша қызылордалықтарды Банк филиалының ашылуымен құттықтап, банк қызметіне сәттілік, табыс тіледі. Еңбек ардагері Жарыққасын Шаріпов алатық ақ батасын берді.

Өз кезегінде «Еуразиялық банк» АҚ-ның басқарма төрағасы Майкл Эгглтон сөз алып, қызылордалықтарға, салтанатты рәсімге қатысушыларға құтты болсын айтап, қолдау танытқан облыс әкіміне, әріптестеріне алғысын жеткізді. — Құрметті қызылордалықтар, жынға қатысушылар, банк филиалының ашылғаны баршыныызға құтты болсын! Бұл осындағы облыс әкімінің қолдауымен ашылып отыр. Сондықтан аймақ басшысына және бізге қолдау білдірген барша әріптестеріме көп рахмет айтамыз. Бздiң банк аз уақыт аралығында жан-жақты жылдам дамып келеді. Еуразиялық банкте заманауи техноло-гиялар және тармақталған филиалдық жүйелер бар. Банк шағын және орта бизнесті өндірістік, фермерлік кәсіпкерлікті қаражаттық жағынан ұзақмерзімді жобаларын жүзеге асырудың ресурстарына ие,— деп банк қызметімен хабарлар етті.

Жалпы, «Еуразиялық банк» АҚ 1994 жылы құрылған. Бүгінгі таңда банктің Қазақстан бойынша 20 филиалы және 121 бөлімшесі бар. Банктің жемісті қызметі 2012 және 2013 жылдардың нәтижесі бойынша «Қазақстанның үздік бөлшек банкі», 2012 жылы «Қазақстанның үздік банкі» және «Қазақстандағы банк» номинациялары бойынша маралаптармен расталған.

Салтанатты шарада банк филиалының лентасы қыпылып, шашу шашылды, құй күмірленіп, өдемі әндер әуеледі.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Облысымызда өткен ғасырдың соңына таман, жана ғасырдың басында мәнді мәслихаттарда, келелі кенестерде, мәртебелі жиын-жиналыстарда, тойларда, астарда, барлық халықтық, елдік шаралардың абырында да, айбаты да, мәні де, сөні де, белелі де, берекесі де болды, дәстүрархының төрінде, төбесінде иық тірестіріп, төрт столға сыймай, Қызылорданың бар жақсылары, жайсан-дары, саянқатары, қаймақтары, дана да, дара да аксақалдары сөйлесе Төле, Қазбек, Өйтеке билердей ауыздары дуалы, сөздері пәтуалы, ұшса сұңқардай, шапса түлпардай, шөксе нардай болып отырушы еді.

Олар: асқар таудай, кеменгер, асыл, абыз ағаларымыз Исатай Өдбікөрімов пен Төкей Есетов, төбесімен көкті, табанымен жерді тіреп тұрғандай, аузымен құс ұстаған, халқымызға қайрат та болған, айбат та болған Зейнолла Жарқынбаев, адамдықтың, азаматтықтың, әділдіктің, адалдықтың, тазалықтың, бағылтықтың, батырлықтың алмас қылышындай Өмізе Өлжанов, Қонысбек Қазантас, Ғабір Мұхамеджанов, Жәлет Қизатов, Сүлеймен Қалдыбаев, Елеу Қошербаяв, мәдениеттіліктің, сыйаылықтың, сырбаздықтың, салауаттылықтың, кісіліктің, кішіліктің, іскерліктің үлгісіндей Көмекбай Қарақозов, Еламан Жүнісбаев, Омар Әзғожаев, Мәлі Кереев, Ержігіт Бозғұлов, тағы да басқа ардақты ардагер-аксақалдар болатын.

Олар елдің данасы еді, панасы еді, жағасы еді, орманы еді, қорғаны еді, иесі еді, киесі еді. Өкінішке орай, бүгінгі күні бас аяғын қосқанда бір столдың аясына толар-толмас ғана сол асыл-дардың, сол заманның, сол қоғамның ескерткішіндей, шырақшындай, көзіндей, өзіндей болып олардың замандастары, өріптестері, тағдырлас-тары, мұраттасары қалды.

Уақыт өте келсе олар тағдырдың да аласартатыны, телегей теңіздердің де тартылатыны, асау өзекдердің де жуасайттыны сияқты, бүгінде біздің де ортамыз ортайып, тобымыз қораштанып, төріміз төмендеп, төбеміз аласарып қалғандай, үлкендігіміз бен ұлағаттылығымыз, үлгі, өнеге, кісілігіміз кішірейіп бара жатқандай, белеміз бен берекеміз бірнеше еліге кемігендей болып көрінеді.

Ал бүгінде халық сол абыздарын аңсайды, із-дейді, салыстырады, сағынады, амал нешік, арыстардың әрқайсысының орындары ойсырап-ақ қалғандай.

Өйткені сол алдыңғы толқын ағалар алдымызға да алынған басып жүргенде оларға қарап бүкіл ел, халық, бөріміз де ой түзейтін едік, бой түзейтін едік, іс-қимыл, сөз түзейтін едік, аяғымызды байқап-басып, абайлап сөйлейтін едік, есептесетін едік, ескертетін едік, елейтін едік, төрт жағамыз, құбыла, арқамызды асқар тауға тірегендей, дұрыс жолда, дұрыс бағытта тұзу, тұра кетіп бара жатқандай, ертенімді де ойламай, етек-жеңімді тіркін жіберіп, өзімізді емін-еркін, алансыз-еленсіз, рахат бір күйі кешкендей сезінетін едік.

Енді, міне, сол бір абзал жандардың өздерін, сөздерін, өмірлерін, өңегелерін әділ төреші халық, тарих, уақыт таразыға салып, елең, екілеп, өлшеп-пішіп, төрелігін айтып, бағасын беріп жатыр.

Кай заманда, қай қоғамда болмасын, кімге де болса жеңіл жүк болмаған төрге отыру жауапкершілігі, төрелік айту жауапкершілігі, көш бастау, сөз бастау, іс бастау, халыққа, елге ой тастау, бата беру, бұғау айту жауапкершілігінің кезегі біздің ұрпаққа, біздің замандастарымызға да келіп жетті. Дана қазақтың «Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер», «Атана не істесен, алдына сол келеді», «Өгізге туған күн, бұзауға да туады» деген осы екен-ау, сіре.

Жаратқан нем біздерді жаз бастыра көрме, ағаларымыз, бабаларымыз, текаталарымыз, тұпатарларымыз салған сара жолдан, дана жолдан, адал жолдан, ақ жолдан, төте жолдан, таза жолдан, адастыра көрме деп тілейік, тек сол жолмен жүрейік, замандастар. Бұл біздің халық, тарих, уақыт, болашақ ұрпақ, заман, қоғам алдындағы қасиетті де қастерлі парызымыз, қарызымыз, борышымыз, Алланың аманаты.

Аманатқа адал болайық қалірілі ағайын!

Ал осы асылдардың бірі де, бірегейі де Төкей Есетов ағамыз болатын.

Төкен — тағи емес, текті, киелі, жүйелі, аруақты кісі, тулпардың теңігі, асылдың сынығы. Сыйлас едік, сырлас едік, қимас едік, біріміз ұстаз, біріміз шәкірт, біріміз аға, біріміз іні болатыбыз.

Төкеннің жүзінен, түрінен, түсінен, мейірімділіктің, имандылықтың, инабаттылықтың дөбі ессе, отырысынан, тұрсынан, жүрісінен, сөзінен, ісінен, бүкіл болмысынан парасаттылықтың, заттықтың, ақсүйектіктің, бекзаттықтың иісі аңқып тұратын.

Бұл, бекзаттық — дара қасиет, оқумен, үйренумен, тәжірибеммен, бақпен, тақпен, байлықпен келмейді. Атам қазақта тектілік деген киелі сөз бар. Төкеннің бекзаттығы осы тектіліктің теріп тамырынан нәр алған, сүйегі мен қанына, жанына анасының ақ сүтімен, атасының қанымен, ақ батасымен дарыған бекзаттық.

Бұл Төкенге тән ірінің арнайы төрелеп берген тартуы, сыйы, сыйбасы.

Жаратқан нем Төкенге теңіздей терең ақыл-парасат, білім мен біліктілік, жер мен тау қозғалса да қозғалмайтын сырлы, сырбаз, сабырлы, саспайтын, ыза жерді баспайтын сезімталдық, сақтық серектік, темірқазықтай тұрақтылық пен табандылық, салмақтылық пен салауаттылық, ішкі - сыртқы сулулық пен мәдениеттілік, саф алтыннан құйылғандай маныздылық пен манғаздық, биіктік пен төрендік, кеңдік пен кемелдік берген. Осының бәрі бір басина көп те еместей, аз да еместей, жарасып, үйлесіп, үндесіп тұрушы еді-ау...

Төкеннің бүкіл жаратылысы мен жан дүниесі адамдықтың, азаматтықтың, адалдықтың үлгісіндей, мейірімді, ниеттесті жылы, ақшаулықтың туын ұсынайды: көкірегі асыл, өңелі, көсем, шешен сөзінді қоймасындай; өзі, сөзі, ісі, отырысы, тұрсы, жүрісі, мінез-құлқы кісілік пен кішіліктің, ұлылық пен қарапайымдылықтың қорығындай; сырбаздық пен сыйаылықтың, маныздылық пен манғаздықтың көрмесіндей; бірсөзділік пен мәрттіктің, тұрақтылық пен табандылықтың өлшеміндей, әділтілік пен әділеттіліктің таразысындай еді.

Алланың бары анық, бірақ оны ешкім көрген жоқ. Сүттің құрамында майдың бары анық, бірақ оны ешкім де көре алмайды. Сондай-ақ, Төкеннің бар жақсы қасиеттері сыртында көзге ұрып, алаулатып, жалаулатып, мәнмұндалап айқайлап тұрған жоқ, іште бұғып, бүркеніп жататынын, тұнығын теңіздің түбіндегі інжу-маржандай теренде жататын. Екінші бір, сгіздің сыңары түгілі, мыңның біріне, қарадүрсін, қарапайым, қатарағы қаруланбаған көзге де көріне бермейтін-ді. Оны жай көзбен емес, ақылдың көзімен, жүректің көзімен, сезімнің көзімен көру керек.

Ол үшін денгей, дөреже, пайым-парасат, адалдық пен әділеттілік керек.

Біз асылдарымыз бен ардақтарыларымызды, жақсыларымыз бен жайсалдарымызды тек алыс тарихтың қойнауынан іздеп, тірімізге бірізмізді - біріміз жете бағалай алмай, сағалай алмай, паналай алмай, өткенімізге өкініп, жоғамызды іздеп, үлгіленімдіз жалғап, өшкенімізді жағып жүрген «өлгенінің жаманы жоқ, тірісінің жамандаулан аманы жоқ» халықтық...

Төкен ауданы бар, облысы бар бас-аяғы 27 жылғы болды. Бұл бір адамның саналы ғұмыры емес пе? Қазақтың «Көпінші аяғынан, шотаның таяғынан» деген қарапайым сөзінің барлық дәрежедегі басшыларға да тікелей қатысы бар. Сондай-ақ, бақ-әулет бар үйде, бір әулетте, бір ауылда, бір аймақта бір адамның басында, күт-береке бір отар қойда бір қойдың басында болады деген тұжырым, ұғым, болжам, әдет-ғұрып та бар.

Осы қазаки қағидалар тұрғысынан қарастыр-сақ кай заманда, қай қоғамда болсын кез келген басын елге, халыққа бақ та, құт та болып келеді, сор да болып келеді. Басшы бақ, құт болып келсе, халық қылдыр келді дейді, ал сор болып келсе - «Сұмырай келсе су құриды» дейді.

Төкен Арал ауданын үшінші, екінші, бірінші хатшы болып, табаны таймай 20 жылдың үстінде басқарғанда ауданның бағы жанып, абыройы мен

атағы асқақтап, ырыс-несібесі еселеп өсіп, белелі мен берекесі облысқа, Республикаға, Одаққа әйгілі болды. Ауданның экономикасын қарқынды дамытуда, мал шаруашылығын өсіріп-өркендетуде қол жеткізген тамаша табистары үшін Арал ауданын қатарынан бес рет одақтық социалистік жарыстың жеңімпазы атанды.

Ол Арал ауданын, облысты басқарған кезде елде берекелі тірлік болды, сызат түспеген бірлік болды. Т.Есетов облыс тарихында, өз замандас-тары арасында жалпы хатшылық қызмет атқарған мерзімі ең ұзақ, және Республикалық Жоғарғы Кеңеске қатарынан үш рет депутат болып сайлан-ған жалғыз хатшы.

Сыр елінің тарихында облысты басқарған 22 басшының орташа қызмет атқарған мерзімі 3 жыл болса, ал сол орында 6 жылдың үстінде қызмет жасаған Төкен екеуіміз ғана екенбіз.

Төкеннің замандастарының, өріптестерінің бәрі де орта мектепті, жоғары оқу орнын сырттай бітірді. Ал Т.Есетов мәдениеттің, білімнің, ғылым-ның, өнердің ежелгі қара шаңырағы, Ресей мемлекетінің темірқазығы бұрынғы Ленинград — қазіргі Санкт-Петербург қаласында жүйелі, тиянақты, тыңғылықты жоғары білім алған жалғыз хатшы.

Төкен еңбегі жанған бақ қарап, қылдыр дарыған, төбесінде бұлтты, жетегінде жолбарысы бар бақытты, аруақты тұлға. Т. Есетов Қазақстан компартиясының XII, XIII, XIV, XV съездеріне, СОКП-ның XXV, XXVI съездеріне делегат болып



Төекзат

ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ ТӨКЕЙ ЕСЕТОВТІҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

қаптысы. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің VII, VIII, IX шақырылымдарының депутаты болып сайланды.

Майландағы жауынгерлік ерлігі үшін «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен, бейбіт өмірге ерен еңбегі үшін «Қазан төңкерісі», үш мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен марапатталды.

Тегінде, тектілікті халық та, уақыт та, тарих та, ғылым да, тәжірибе де, өмір де жоққа шығар-майды.

Ал, Төкеннің тектілігінің тамыры терең, бұтағы бүтін, жапырағы жасыл. Төкен 90 түіе сексеуілге күймеген, жанбаған әулие, ақтақты Қаз дауысты Қазыбек бидің пірі Сейтмамбет бабамыздың тікелей жетінші ұрпағы. «Маған қиянат қылған адам еш уақытта оңған емес» дейтін жарықтық сырқандығымызда Шымылға да солай болды. Төкен адамның, сөздің қалір-қасиетін аса жетік білетін. Аз сөйлейтін, бірақ аз сөйлейтін. Бекзаттығынан, бізгірлігінен, дүлдүлдігінен аз сөйлейтін. «Сөйлегеннен сөйлемгене жақырақ, сөйлеп елін басына тиді таяқ», «Басқа пәле тілден», «Жақын жауын — тілің», «Тілден бал да тамалы, кан да тамалды», «Сөз — күміс, үндемеген — алтын», «Айтылмаған сөздің қойайнысын», айтылған сөздің құлысын» деген құнды қағидаларды өзінің өмір заңына айналдырған азамат.

Төкен әр сөзді он ойлаып, тоғыз толғанып, шағыл құмдағы шынырау құдықтан қауапалап су тартқандай ғып даралап, саралап, санапал, салмақтап, өлшеп-пішіп, тұрасын бір-ақ айтатын. Атамыз қазақтың ежелгі жас сұлттан, білікті билеріндей сөзге мейлінше сарап, сырбаз болатын. Кез келген ортада — ханның алдында да, қараның алдында да өңіме, сөз жүнісіне кетіп, жүнісез, жа-ғымсыз арнаға түсе бастағанда Төкеннің «Осындай өңгіме кімге, неге керек?» деген бағыл тоқтамы мен тойтарысы майландағы қолбасының бұйры-ғындай, патшаның жарлығындай әсер ететін. Ештеңе айтпаса да, ештеңе демесе де ол кісі отырған ортада төрттілікті, төрбілік, әділтілік, өңегелі, өркениетті ақыл үстемдік құратын еді.

Төкен көпсөзділікті шешендік, дінкілеуді көсемдік деп білмеді. Сол заманның ұзақса созылатын жиын-жиналыстарында, отырыстарда Төкен міз бақпай, тіп-тіл, түп-түз, қозғалысыз, тек қана кірпік қағып, терен ойдың теңізіне шымылып, бөрің байқап, бөрің бақылап, бөрің бағыттап, тас мүсіндей табжылмай, қасқайып отырушы еді-ау жарықтық.

Іә, Төкен зерек, зерлелі, ойшыл, ойын ақылға суарған, пайым-парасатқа ат шалдырған, адал-дықты, әділдікті ту еткен, имандылыққа, қанағат-қа, шүкіршілікке нар шөкіртпен, кісілігіне жүй түсірмеген, арының, намысының туын жықпаған азамат.

Кейде Алла тағаланың мүмкіншілігінің шек-сіздігіне, мырзалығына, мәрттігіне таң қаласын, біреуге берсе үйіп-төгіп бөрің берелі, біреуге түкте бермейді. Неге олай екені ешкімге де белгісіз, адамның ақыл-ойына, қиялына сыймайтын, тек Аллаға ғана аян құпия. Мысалы: тектілік, терендік, тұрақтылық, табандылық, тегеурінділік, талап-шылық, талғампаздық, тәзімділік, тұрашылдық, сияқты Төкенне таң қасиеттердің өлпіннен өр әрленген табалдыры өзгеші.

Мен 1999 жылы Алматыдан туған жерге, елге зейнеткерлікке шығып, түпкілікті көшіп келдім деп, Төкенге сәлем бере барғанымда:

«Қарағым-ай, іргемізге бір ел көшіп келгендей болды ғой», — деген ғибратты сөзі мені есімнен ешуақытта да шықпайды.

Әр кездескенімді бір ғанибет еді, шын көңілден, ақ пейілден әрдайым айтатын Төкеннің «айна-ладыны» Алланың алғысындай әсер ететін.

Төкен еді, халықты ашумен, айқаймен, үркі-тіп, қорқытумен, алдап-абраумен, мазалаумен, жалаулаумен емес ақылмен басқарды.

Ақылды ең жаман дос, ашуды ең қауіпті қас деп білді.

Кез келген адамды қас қағысымен ұқыратын, қабат-амауы ұқыратын, сұстымен бұжол, талай ауыздығымен алысқан аяқтыға жоқ, ауыз-дыға сөз бермейтін асауларыңыз, Төкеннің алдына барғанда жуасып, жүні жығылып, бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалатын.

Бір кезде облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып В.М. Голубенко марқум келді. Алдынан келгенді тістеп, артынан келгенді теуіп дегендей, жұрттың апышысын қуырып, өзіне төртіп орнатқысы келген. Біраз уақыт өткенес ол «батырын» «Төкей Есетулы, мен Сіздің солдаты-ңызбын, не бұйырарсыз, соны орындаймын» деп өз сабасына тез түсе қалды.

Кенес заманында, қай денгейге болмасын, көпшілік жағдайда партия, совет басшыларының күнестікпен, теке-тірестікпен, бөсекестікпен, бақай сөспепен жұмыс істеп, мысық пен тышқан-ның күнін көшкені барыға аян.

Бұл сол дәуірде қалыптасқан басшылық жүйесінің осал тұстарының бірі еді.

Кейбір партия басшылары нәтижелі біткен, ба-ның, абыройлы жұмыстарды менін даналығым-мен болды, ал бітпеген, бітпейтін, ұшы-қыры жоқ, шексіз, абыройсыз жұмыстар кенес басшы-ларының шалалығынан болды деуге әрдайым, он қолдай дайын тұратын, тіптен кейбір хатшылар өзінен мысы басшымырақ кенес төрағаларын тұрақтатпай, бет орамалша ауыстырып отыратын жағдайлар да болған.

Асылдары не көрмеді дейсіз, асқанды да көрді, тасқанды да көрді, асып, тасып асқанды да көрді, өңгенді де көрді, өскенді де көрді, өніп, өсіп, өшкенді де көрді.

Төкен болса, мұндай қолайсыз, келенсіз, ретсіз, жөнсіз, жосықсыз жағдайларға аудан, облыс басқарған кезінде жол берген емес.

Кенес органдарына партия органдары қалай басшылық жасау керек, олардың қарым-қаты-настары қалай болу керек, жұмыс стилдері мен әдістерінің, үлгісін, мен онегесін, жол-жаобасын көрсетті.

Арал ауданында Ыдырыс Қалиев, Қозтай Әбу-ов, Болаш Ұәлиевпен, облыста облыстық кеңес атқару комитетінің төрағалары Шаймерден Бөк-іровпен, Сағидолла Құбашовпен, Ыдырыс Қали-евпен үйлестік пен үйлесімділікпен, сеніммен, терен түсіністікпен нәтижелі еңбек етті. Олардың бірігі елдің, халықтың бірігі болды, берекелі тірлігі болды.

Әсіресе, бүкіл елдің, халықтың көз алдында болған, өзіміз де көрген, бөріміз жасық білетін Төкей Есетов пен Сағидолла Құбашовтың күнестікпен емес үндестікпен, іштарықпен емес іскерлікпен, күдікпен емес сеніммен, шынайы өріптістікпен, терен түсіністікпен, сыйластықпен, бірін-бірі қолдап, қажет жерінде бірін-бірі қорғап, бірін-бірі толықтырып, аяғында өмірлік жолдас, айнымас дос болып қалуы кімге де болса, қашан да болса, қайда болса да ұлағатты үлгі, өшпес өнеге боларлығы сөзсіз.

Біз кейіннен Сағидолла Құбашұлының арнайы Семеілден, жол-жоралығымен, сый-сияғатымен келіп, Төкенді мерейтойымен құттықтап, екеуінің ұзақ сырласқанын,сыйласқанының, екі асыл азаматтың ұлы достығының күәсі болдық.

Төкеннің өзінің орны, салмағы, айбаты, абы-ройы, белелінің үстіне Алаштың біртуар ардақты азаматы, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы, СОКП-ның Саяси бюро мүшесі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың Төкенге деген ерекше көзқарасы, сенімі мен өзара отбасылық, ағалы, інілік, сыйластығы сол заманда елімізге, халқымызға үлкен қолдау болды, қорған болды.

Алып империяны бір өзі билеп, төстеген құді-ретті Л.И. Брежнев біздің Қазақстанның басшысы Д.А.Конаевты қалай қолдаса, Д.А.Конаев та Т.Есетовті солай қолдады.

Ал басшының жоғарғы жақтың алдындағы белелі мен берекесі елдің, халықтың бақыты, ырыс-несібесі ғой.

Төкен әрбір тағдырлы істі, әрбір шешуші қадамын, қаралып отырған мәселенін алды - артын болжамай, мән-жайын, түп-тамырын терең талдамай, дұрыстығына өзінің көзі, көңілі, көкірегі жетпей, шешпейтін, жеңіл-желпі көшпейтін, ағат-тыққа, асығыстыққа жол бермейтін, жалғандық пен жасандылыққа жаны қас болатын. Сол бір көз бен бір құлағың Мөксеуде, бір көз бен бір құлағың Алматыда болған кездің өзінде Төкен, әсіресе, кадр мәселесіне аса жауапкершілікпен, сезімталдықпен, серектікпен, сақтықпен, қам-қорлықпен абал-сауап, әділдік, имандылық тұр-ғысынан қарайтын, ешкімді де өз еркімен жаман-дыққа жіберген емес.

Алайда ол заманда бірінші басшының еркінен тыс жағдайлар да болып тұратын.

Төкен жаман ой ойлап, басын былаған, жа-ман сөз сөйлеп, аузын былаған, жаман нәрсе ұстап қолын былаған, жаман жерді басып, аяғын былаған кісі емес. Төкен өз өмірінде қузын, қар-ға, сауысқан, жапалақ, көкек мінезді жандармен сабақтас та болған жоқ, табактас та болған жоқ, сыйбалас та болған жоқ, көрші де қонған жоқ, жолсерік те болған жоқ, оңдайларға түсін де жорықтан жоқ, қиялын да қорықтан жоқ.

Жын-шайтаннан пенде-перілерден қашық жүрді, қашып жүрді.

Төкен бір түйір нанның, бір жұтым судың, бір тілді онгеліктің, тіптен оның қабығының, бардын, жоқтын, азын, көптің, аштықтың, тоқтықтың, қуаныш пен қайғының, күлсі мен жылаудың, тақ-тын, бақтың, абырой-атақтың, қиял мен арманын, сенім мен күдіктің, жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен арадықтың не екенін, қадір-қа-сиетін, қайғы-қасиетін, азабы мен тозағын — бөрің, бөрің өз басынан өткерді, бөрің де көрді, бірақ аспалы, таспады, саспады, күпіршілік қылмады, шүкіршілік қылды, төубесінен жанылмады, пен-дешілікке бармады, езілмеді, егілмеді, майыспалы, сындады, бөріңе де көнді, бөрің де жеңді.

«Ақылсыз адам ғана армансыз» деген. Төкен-нің ақилы да, арманы да, өкініші де, «өтпеген - айы» да аз болған жоқ. Арман деген сағым, арман деген қиял. Ол адамды кейде жетелділі, кейде желкелейді, кейде жеткізеді, кейде жеткізбейді. Арман сондықтан да арман.

Асылдары, ардақтарды арманда қалдыр-маса, бұл өткіштің, отасың, жалған дүниенің айлы қанған ба?

Айықпас аурудың аттына мінгенін, аялға мін-генін, Төкен күтпеген жерден ауыр науқасқа ду-шар болды. Біз Тұрғанбай (Сыр өңірінің бас д-рігері) екеуіміз Төкен ауыра бастағанның, Алланың аманат еткен жанын жаратқанға тапсырғанға дейін күн құратпай басында, қасында болдық. Барлық жағдай, қамқорлық өз дәрежесінде жасалды, үгімізмізді үзбедік, бірге қиналдык, қиналдык, өлім түгілі өкпеге де қимайтын асыл аға еді ғой.

Әр бағған сайын: «Әуелі сенгенім құдай, сосын Тұрғанбай» деуші еді жарықтық үлкен өміршүшіткіпен, үлкен сеніммен, үлкен үмітпен. Өкінішке орай, ауруды жеңгенмен, ажалды екен айтпайсың, бәрмізге қалдрі Төкен 80 жасқа 15 күн қалғанда дүние салды. Менің сонда 80 жастын мерейлі, мәртебелі жас екендігіне, арман жас екендігіне, үлкен белес екендігіне көзім әбден

жетті.

Қазақты тағы бір бәйтерегі құлады. Еліміздің төрінен, төбесінен тағы да бір орын босап, ойсырап қалды.

Төкен табиғатында, бүкіл болмысымен босаға үшін емес, төр мен төбе үшін, көсеулік үшін емес, көсемдік үшін, көш бастауға, ел бастауға, сөз бастауға жаралған жан, молынан пішілген, Құдайдың үйе салған бір киелі төбесі еді.

Қорыта айтқанда, оның өзі түгілі көленкесіне де сыйлап, сәлем беретін арқалы азамат болатын. Осындай жандармен дүние нұрлы, әлем әдемі, өмір мәнді де сәнді, табиғат та өзінің жарасымды жалғасын тауып жатады.

Төкеннің өмірі де, өзі де ел-жұртына өшпес өнеге.

Қазақта өлі өлік емес, тірі өлік деген сөз бар. Сондықтан мен ендігі сөзімді, сырымды, сынымды шынымды, мұнымды, ойымды, пікірімді Төкенге арнап айтпақпын...

Төке! Сіз екі мыңжылдықтың, екі ғасырдың, екі қоғамның күәсі болдыңыз, кемелденбеген, кемелденген социалистік қоғамның басты оқиғаларының басынан, қасынан, ортасынан табылдыңыз, капитализмнің де ашы-тұшы дәмін таттыңыз. Сіз замандастарыңыздың әр жүзінен тоқсан сегізінші ғұмырын қиған қанқуылы соғыстан атамекенге аман оралып, 60 жылға жуық нұрлы шұағы мен жарастығы мол, мақсатты да мағыналы өмір кештіңіз. Бұл — қазіргі бейбітшілік пен аманшылықтағы қазақстандықтардың орта

Байтұрсыновтан артық кім айта алды? Ұлтының, халқының мүддесі үшін жаның шүберекке түйген есі ер былайша егілді:

Не жазып ем, құдай-ау, мен қазаққа,

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қызылорда филиалы, 120015, Қызылорда қ-сы, Б.Асқар к-сі, 30 үй, анықтама үшін телефондар 8(7242) 27-22-15, 26-14-21, факс 8(7242) 27-22-15, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бос қызмет лауазымына конкурс жариялайды:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының бас маман-зая кенесшісі.

Функционалдык міндеттері: .

Еңбек мәселелерін, мүлікті өтімдеу тәртібін қарастыру, мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру, бюджетті пайдалануды (шығыс сметасы), валюталық реттеу мен бақылаудың құқықтық қамсыздандыруын, төлем жасау мен ақша аударуды ұйымдастыру мәселелерін, банк шоттарының режимін, әкімшілік бұзушылықтар туралы кодекс нормаларын қолдануды қарастыру. Облыстың сот және құқық қорғау органдармен жұмыс жүргізу.

Конкурсқа қатысушыларға талаптар:

Білімі – жоғары заңгерлік.

Жұмыс стажы – Ұлттық Банкте кемінде бір жыл, не осы топтан нақты лауазымының функционалдык бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде бір жарым жыл не шетелдік жоғары оқу орындарында оқу, не Ұлттық Банктің Магистратурасын аяқтау.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының осы топтан нақты лауазымының мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу. Функционалдык міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да білім.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидалары (бұдан әрі-Қағида) негізінде өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттар тізімі қажет етіледі:

- 1) түйіндеме (нақты тұратын жерінің мекен-жайын және телефондарын, оның ішінде байланыс телефондарын, білім, жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтерді көрсете отырып);
- 2) Қағидаларын 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 3) Қағидаларын 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған сауалнама;
- 4) білім туралы құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері;

5) Еңбек кодексіне сәйкес нотариат растаған (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін) еңбек қызметін растайтын құжат;

6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №6697 тіркелген) нысан бойынша денсаулығы туралы анықтама;

7) 3x4 өлшемді 1 (бір) фотография;

8) жеке басым куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Конкурсқа қатысушылар олардың біліміне, жұмыс стажына, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнынан мінзетемелер, ұсынымдар) болса, оны ұсынады.

Құжаттарды қабылдау конкурстың өткізу туралы хабарландыру орналастырылған (жарияланған) күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Конкурс келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) конкурстың өткізу туралы хабарландыру;
- 2) конкурстық комиссияның құрамын бекіту;
- 3) құжаттар қабылдау;
- 4) конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарау;
- 5) кандидаттармен өңгімелесу;
- 6) конкурстық комиссияның қорытынды отырысы;
- 7) кадр резервін қалыптастыру.

Конкурсқа қатысушылар конкурсқа қатысу бойынша шығыстарды (өңгіме жүргізгізетін орныға бару-келу жолына, тұрғын үйді жалға алу, тұру, байланыс құралдары қызметінің барлық түрлерін пайдалану және басқалары) өз қаражаты есебінен төлейді.

Өңгімелесуге жіберілген кандидаттар одан құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жоғарыда көрсетілген мекен-жайы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қызылорда филиалында өтеді. Кандидаттарға өңгімелесу уақыты, күні және өткізілетін орны туралы кадр қызметі электрондық почта және/немесе телефон байланысының құралдары арқылы хабарлайды.

Өтініш пен сауалнама нысандарын мына сілтемелен алуға болады: http://www/nationalbank.kz/cont/publish-400716_22063.doc

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Жанақорған ауданы әкімінің аппараты Қызылорда облысы, Жанақорған кенті, М.Көкенов көшесі №37 үй, анықтама телефондары 22-4-18, факс 22-4-29, электрондық почта org_acim@mail.ru бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға конкурс жариялайды:

Жанақорған ауданы әкімі аппаратының төтенше жағдайлар жөніндегі бас инспекторы (Е-3) -1 бірлік.

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалмақы 78798 теңгелен 106345 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есептемегенде).

Қызметтік міндеттері:

Азаматтық қорғаныс пен жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлардың алдын алу жайлы белгіленген талаптарды аудандық бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдар басшылары, кент, ауылдық округтерге әкімдері және меншік нысанына қарамастан ұйымдар мен кәсіпорындар тарапынан орындалуын қамтамасыз ету. Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі мен жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдары арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ету, аудан аумағында өскери жұмылдыру дайындығы жұмыстарын ұйымдастыру. Аудандық бюджеттен қаржыландыратын жергілікті атқарушы органдар басшылары, кент, ауылдық округтерге әкімдері және меншік нысанына қарамастан ұйымдар мен кәсіпорындар қызметкерлердің азаматтық қорғаныс пен жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар бойынша біліктілігін арттыруын ұйымдастыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Білімі жоғары экономикалық немесе заңгерлік немесе техникалық немесе жергілікті мемлекеттік басқару. Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;
- 2) осы санаттағы нақты лауазымының функционалдык бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі екі жылдан кем емес;
- 3) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде қалпыр даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтау;
- 4) ғылыми дәрежесінің болуы.

Жайылым, Бесарық ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-ветеринар, (Е-6-3) -2 бірлік.

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалмақы 53813 теңгелен 72391 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есептемегенде).

Қызметтік міндеттері:

Тісті өкімшілік бөлімдерінің бірліктің аумағында Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тізбе бойынша аса қауіпті аурулардың, сондай-ақ жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы бойынша ветеринарлық іс-шараларды ұйымдастырды және орындауын қамтамасыз етеді. Халықтың арасында ветеринария мәселелері бойынша ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу, тісті өкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жануарлардың жұқпалы және жұқпалы емес аурулары бойынша энзоотиялық жағдайды зерделу. Тісті өкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы малдың санитарлық есебін жүргіздеу, мал басы туралы анықтама берелі және мал басын бірдейлендіру жұмыстарын ұйымдастырды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары ветеринариялық немесе зоотехникалық білімі. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымының функционалдык бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі болған жағдайда ортадан кейінгі ветеринариялық немесе зоотехникалық білімі барларға рұқсат етіледі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдык міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білім.

Байқексе, Жайылым ауылдық округі әкімінің аппараты бас маман-заңгер (Е-6-3) -2 бірлік.

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалмақы 53 813 теңгелен 72391 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есептемегенде).

Қызметтік міндеттері:

Қазақстан Республикасының Заңдарын, Үкіметтің қаулыларын, облыс, аудан және ауылдық округ әкімінің қабылдаған шешімдерінің орындалуын мен жүзеге асырылуын қамтамасыз ету. Ауылдық округтің әкімінің шешімдері мен өкілдерінің, қызметтік тапсырмаларын, ішкі еңбек тәртібі ережелері мен тәртіптерінің сақталуы және орындалуын қамтамасыз ету. Бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес басқа да функционалдык міндеттерді орындау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары экономикалық немесе заңгерлік немесе педагогикалық немесе гуманитарлық немесе техникалық немесе жергілікті мемлекеттік басқару білімі.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымының функционалдык бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Аққорған ауылдық округі әкімінің аппараты жетекші маман-заңгер (Е-6-4) -1 бірлік.

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалмақы 48047 теңгелен 64703 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есептемегенде).

Қызметтік міндеттері:

Ауылдық округтің әкімінің аппаратына ережесін әзірлеп, бекітуге ұсынады. Ауылдық округтің әкімі қабылдайтын

нормативтік актілердің жобасын заң талаптарына сай әзірлеу мемлекеттік тіркеуге жатындыларын аудандық әділет басқармасына жолдайды, тіркелуін қамтамасыз етеді, баспасөз бетіне ресми жариялауға беріп отырады. Ауылдық округтің әкімі аппаратының қызметкерлеріне құқықтық оқулар өткізіліп отыратынын қадағалайды жемқорлыққа қарсы, нашаркорлыққа қарсы күрес бағдарламасының және көмектесуші тоғандар комиссиясының іс-шарасын жасап, жүзеге асырып отырады. Ауылдық округтің әкімінің аппаратына келіп түскен арыз-шағымдарды қалағалыды және есебін жүргізіп отырады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары заңгерлік немесе ортадан кейінгі заңгерлік не орта техникалық немесе орта кәсіптік білім.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдары, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымының мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін ҚР нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясы білу.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдык міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Компьютерде word, excel, e-mail, internet бағдарламаларымен жұмыс жасауы қолталды.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орнала-суға конкурстың өткізу және конкурстық комиссияның қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі. (Қазіргі жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында 2013 жыл 20 наурызында №8380 болып тіркелді)

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен арианы нысандағы сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін тізімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурстық жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмеген жағдайда, осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурстық комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз бол табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жөніндегі мерзімнен бастап 10 жұмыс күн аралығында осы мекен-жайы бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Жанақорған кенті, М.Көкенов көшесі №37 үй, 3-қабат. Анықтама телефоны: 8(724-35) 22-4-18.

Өңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды өңгімелесуге жіберу туралы хабарлар ету күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Жанақорған ауданы әкімі аппаратының ғимаратында, Қызылорда облысы, Жанақорған кенті, М.Көкенов көшесі № 37 үй мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі өңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 жұмыс күні ішінде өткізіледі. Азаматтардың конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар өңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешкірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, осы Қағидаларын 19-тармағында көрсетілген ұйымдарға тісінділігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Жанақорған ауданы әкімі аппаратының конкурстық комиссиясы.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Ділаханов Максат Қасанғалиұлының атына Шиеді ауданындағы Шиеді көсіптік колледжін тау-кен мамандығы бойынша бітіргені жөнінде берілген маман сертификаты (№020841-1) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Абишева Алиманың атына Қызылорда қаласы, Титов қыстағы 2 квартал, 9 үй, 10 пәтерге (Жанақорғаныш-4 көше, 9 үй, 10 пәтер) берілген сатып алу-сату келісім-шарты (№1134-27.11.2000), телмаспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Кулнзаров Муратқали Жидебөкеновичтің атына Қармақы ауданы, Ақтөбе ауылдағы №109 мектебінің 2004 жылы 9 сыйынбон бітіргені жөнінде берілген НМК №1047651 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жаксылыкова Айжан Сейтқалиевнаның атына Қызылорда медицина колледжін 2008 жылы бітіргені жөнінде берілген КОБ №0129883 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Абиксанмова Жауір Аманкелдиеннаның атына берілген 624 ASA11 мемлекеттік нөмірінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

Боранбаева Кулжахан Токеновнаның атынан ашылған «Боранбаева» ЖК нысанының жабылуына байланысты жұмысын тоқтатады (РНН 331010302861).

ІЗГІЛІКТІ ІЗІН ӨШПЕЙДІ

Тағдырдың жазуына шүбө жоқ. Діттегенді деп басады. Ал, ажал үлкен-кіші демейді, қуғыны ұзын. Сол құрық бірімізге-көз, бірімізге қарындас, бірімізге ата, бірімізге ана. Дүйсенқұл Сейсенбайдың аяқ сапарға алып кетті. Ауыр қаза қабырғамызды қайыстырып, өңсені езіп жіберді. Аман елмен, Алланың дегені болды, біз көндік. Дүйсенқұл Сейсенбайқызы 14 наурыз 1953 жылы Жанақорған ауданында туылды. Быыл ғана асқарлы алысқа толып, ел анасы болып еді. Қуанышымыз ұзаққа бармайды, қайғы жеңді.

Ол жасынан қула төбел еңбекке араласып, еті тірі, әбжіл қасиетімен ерлің жүгін көтерген ерекше жан болатын. Қызылорда қаласында өйішдер арасында бизнестің алғашқы қазығын қанқан және оның қанат жаюына қамқор болған. Қыздар ішінде автокөлікті меңгеріп, бірінші мінген де сол еді. Текті тұқымын тумасы, табиғатында қиындықты тайып-бау, іскерлік тұқыменді іргелі іс қалдырған орны бар-тұғын. Талай азаматты жұмыспен қамтып, бойын тіктеуіне тірек болатын. Ет жағын ағайынның ауызбіршілігіне, имандылығына дөңсереді дара еді. Озі атакты күшің Әшекейіңді тікелей ұрпағы, оның рухани дүниесі халыққа таратып, қытайын жарыққа шығарды. Ауылға мешіт салдым деп те ойлаған, оған үлгермеді. Өріне, өткен дейміз, қолдан келер басқа шара жоқ.

Дүйсенқұл Сейсенбайқызының бейнесі, өңегесі, үлгілі үрдісі біздің жүрегімізде мәңгі сақталды. Бақұл бол, бауыр, қарындас, ана. Артында қалаған ұл-қызын, немерелерін ізгілікті ізінді өшірмейді. Жатқан жерін жайлы, жолдасын иман болсын!

Анасы Құлай, ұлы Болат, қызы Ақмарал және Құрбан ата ұрпақтары.

Қызылорда облыстық кеңес беру диагностикалық орталығының ұжымы осы мекеменің дәрігері Алдамжаров Ермек Нұрмұшылуына апасы

Қушпала Алдамжарованың

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда индустриалды-техникалық колледжінің ұжымы осы мекеменің қалдар бөлімінің бас маманы Саражанова Гулшат Сақтапбергенқызына өкесі

Сақтапбергеннің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

Менің медіа:

Сыр медиа

жауапкершілігін шектеулі серіктестігі

ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢАРБАЕВ

☒ қабылдау белмесі 23-58-02
факс 23-55-37

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы

Бас редактордың
орынбасары

Жауапты хатшы